

Жаңатас қаласы мен елді мекендерді аумақтарын көріктендіру, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым объектілерін бұзылуудан сақтау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Сарысу аудандық мәслихатының 2004 жылға 17 ақпандағы N 4-17 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 15 наурызда N 1255 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2009 жылғы 29 қыркүйкегі № 26-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 29.09.2009 № 26-9 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабының 2 тармағы мен 387 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңының 23 бабының 2 тармағының негізінде аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жаңатас қаласы мен елді мекендердің аумақтарын көріктендіру, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым объектілерін бұзылуудан сақтау туралы Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 7-7 "Аудан орталығы мен елді мекендерді көріктендіру, аудандық инфрақұрылым объектілерін бұзу, ит пен мысықтарды күтіп ұсташа және жасыл желекті қорғау Ережесі туралы" шешімі (Жамбыл облыстық Әділет басқармасының мемлекеттік реестріне 2001 жылдың 23 шілдесінде N№384 болып тіркелді) және 2002 жылғы 14 маусымдағы N№16-6 "2001 жылғы 21 сәуірдегі N 7-7 "Жаңатас қаласының және елді мекендерді көріктендіру Ережесіне"»толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" (Жамбыл облыстық Әділет басқармасының мемлекеттік реестріне 2002 жылдың 17 шілдесінде N№659 болып тіркелді) шешімдерінің күші жойылсын.

3. Аудандық ішкі істер бөлімінен азаматтар тарапынан осы Ереже талаптарының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету сұралсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық Мәслихаттың Әлеуметтік-экономикалық аумағының дамуы, қаржы және бюджет, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы О.Данышбаевқа жүктелсін.

Аудандық Мәслихат

4-сессиясының төрағасы хатшысы

Сарысу аудандық

2004 жылғы 17

"Жаңатас қаласы мен елді

аумақтарын көріктендіру,

қалалық инфрақұрылым

бұзылудан сақтау Ережесін бекіту

N 4-17 шешімімен бекітілген

Аудандық Мәслихат

Мәслихатының

ақпандасы

мекендердің

сондай-ақ

объектілерін

туралы"

Жаңатас қаласы мен елді мекендердің аумақтарын көріктендіру, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым объектілерін бұзылудан сақтау туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабының 2 тармағы мен 387 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Заңының 23 бабының 2 тармағының негізінде жасалды.

Осы Ереженің мақсаты: азаматтардың занды мұddeлере мен құқықтарын сақтай отырып, айналаны көріктендіруде тәртіптілікті сақтау, қоршаған ортаны қалыпты жағдайда ұстая.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже меншік түріне қарамастан барлық жеке және занды тұлғаларға қолданылады.

2. Жаңатас қаласының және елді мекендердің аумақтарын көріктендіру, жүйелі тәртіpte ұстая, аудан көлеміндегі, қала және ауылдардың инфрақұрылым объектілерін жөнсіз бұзылудан сақтау мақсатында әзірленген.

2. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

3. Аудан көлеміндегі Жаңатас қаласы мен елді мекендердің аумақтарын жинау және көріктендіру жеке азаматтарға, жеке пәтер иелері кооперативтеріне, мекеме, ұйым және кәсіпорындарға меншік нысанына қарамастан жүктеледі.

4. Әрбір мекеме, ұйым, кәсіпорындарға жинау және көріктендіру жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдардың шешімімен белгіленген жер аумақтары бекітіледі.

5. Үйлерге кіре беріс жолдарды, үй ауласына енетін аумақтарды жинау пәтер иелері кооперативтеріне, ал көшелерді, тротуарларды, жасыл желектердің маңын, үйаралық жолдарды, саябақ, гүлбақтарды жинау қолданыстағы заннамамен бекітілген тәртіпте белгіленген мекемеге жүктеледі.

6. Жанар-жағар май станциясының айналасындағы радиусы 15 метр шеңберіндегі жер аумағын тазалау, көріктендіру жұмыстарын жанар-жағар май станцияларының қызметкерлері жүзеге асырады.

7. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың ғимараттарының айналасындағы радиусы 10 метр шеңберіндегі жер көлемін жинап, тазалығын сақтау, осы кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың қызметкерлерінің күшімен жүзеге асырылады.

8. Сауда дүңгіршектерінің және басқа сауда нұктелерінің маңындағы радиусы 5 метр шеңберіндегі жер көлемін жинап, тазалауды меншік түріне қарамастан сол сауда орындарының басшылары қамтамасыз етеді. Өндіріс кәсіпорындарының, құрылыш алаңдарының, қоймалардың, саяжай кооперативтерінің аумақтарын жинап, тазалығын сақтау, осы мекемелердің күшімен немесе келісім-шарт негізінде мамандырылған кәсіпорындарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

9. Қала мен аудан көлеміндегі басқа жер участеклерін /стадиондар, базарлар, ашиқ автотұрақтар, ауыл шаруашылық жерлері т.б./ тазалықта ұстай жауапкершілігі сол жерлерді пайдалану құқығы бар азаматтарға, мекемелерге жүктеледі. Құрылыш және күрделі немесе ағымдағы жөндеу объектілерінің аумағын жинап, тазалығын сақтауға, осы жұмыстарды жүргізіп жатқан жөндеу құрылыш мекемелері жауапты.

10. Ғимараттар мен құрылыштардың келбеті, кәсіпорындардың аумақтарының қоршауы және үй құрылыштары, шағын және орта кәсіпкерліктің объектілері, құрылыш ережелеріне сәйкес жөнделген, әктелген, сырланған болуы тиіс.

11. Шағын архитектуралық нысандарды, дүңгіршектерді, павильондарды және көрнекілік құралдарын орнату белгіленген тәртіппен келісілген жағдайда жүзеге асады.

12. Көше шамдары, жарық сәулелі жарнамалар, маңдайшалар қаранды түскен кезде қосылуы тиіс.

13. Тұрғын үй, қызмет, өндіріс ғимараттарының қожалары осы ғимараттардың маңдайшаларын, нөмірлік белгілерін, көше көшеттерін ұқыпты ұстаяуға міндетті.

14. Инженерлік қатынас жолдарын бұзуға немесе бұлдіруге, жөндеу жұмыстарынан кейін кабель жүргізілген орындарын ашиқ қалдыруға, "Жаңатас-Су-Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының техникалық шартын сақтамастан жаңа инженерлік құрылыштар жүргізуге тыйым салынады.

15. Контейнерлердегі қалдықтар нөлден төмен ауа райында үш күннен қалдырылмай, ауа райы жылы күндері күн сайын шығарылуы керек.

16. Қалдық салынатын контейнер орнатылған аландар тұрғын үй, қоғамдық ғимараттардан, спорт аландары мен демалыс орындарынан кемінде 20 метр қашықтықта, бірақ жуз метрден алыс емес жерде болуы шарт. Аланда бесеуден артық контейнер болмауы керек. Контейнерден алаңның шетіне дейінгі қашықтық бір метр болуы және контейнерлердің бұзылмағаны болуы тиіс.

17. Тұрмыстық қалдықтарды уақытша сақтау орындарын ашу, әсіресе тұрғын үйлер аумағында аудан сәулетшісімен және аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен келісілуі керек.

18. Жеке меншік үйлердің аумағында қалдық жинайтын контейнерлердің, әжетханалардың және жуынды төгетін шұңқырлардың орналасуын үй иелері анықтайды. Олардың үйден ара қашықтығын 8-10 метрден кем болмауы тиіс.

19. Ауладағы әжетханалардың тазалығы сақталып, үнемі дизенфекциялық ерітінділерімен дәріленуі керек.

20. Тұрғын үйлер подъездерінде басқыш алаңдарының, жер төлелердің және жеке үйлердің тазалығы санитарлық ережелерге сәйкес сақталуы тиіс.

21. Барлық орнатылған шағын архитектуралық нысандар бұзылмаған күйде сақталып және жыл сайын боялып отырылуы қажет.

22. Хабарламалар, жарнамалар, құлақтандырулар осы мақсатқа белгіленген жерлерге қана жапсырылуы тиіс.

23. Ғимараттардың, оғистердің, кіре берісіне, сауда орындарының, дүкендердің, павильондардың алдына, саябақ пен гүлбақтарға, жаға-жайларға қоқыс салатын сауыттарды осы орындардың қожалары орнатады. Қоқыс салатын сауыт уақтылы қоқыстан тазартылып, жылына кемінде екі рет боялуы керек.

24. Жеке және занды тұлғалар өз меншігіндегі жылжымайтын мұліктерді қайта құрамдау, пайдаланудан шыққан үйлер мен ғимараттарды бұзып алуға тиісті мекемелерден рұқсат алады.

25. Құрылыш жөндеу, қайта құрамдау және үйлерді, ғимараттарды, инфрақұрылым нысандарын бұзып алу кезінде құрылыш-монтаж жұмыстарын атқаруда /меншік түріне қарамастан/ қауіпсіздік техникасының сақталуы, құрылыш алаңдарының қоршалуы және құрылыш ережелері бұзылмау тиіс.

3. Тыңым салынатын жұмыстардың тұрлери

26. Жергілікті атқарушы органдардың арнайы рұқсат құжаттарынсыз аудан көлемінде Жаңатас қаласы мен елді мекендерде босаған үйлер мен ғимараттарды, пайдаланудан шыққан инфрақұрылым нысандарын меншік түріне қарамастан бұзып алу жұмыстарын атқару;

27. Белгіленбекен жерде өз бетінше дүңгіршек, павильон, бастырма орнату, тұрғын үй, кора-қопсы және басқа да құрылыштар салу, инженерлік және электр жүйелерін жүргізу;

28. Аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық қадағалау басқармасының келісімінсіз тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін алаңдар орнату ;

29. Көшелерде, тротуарларда, көгалдарда, үйлердің кіре берістеріне құрылыш материалдарын, ағаш, көмір, шөп, улы химикаттар, темір терсектер және де басқа қоқыстар жинау;

30. Көшелерге, су көздеріне, жасыл желектің маңына және де басқа көвшілік орындарға қоқыс тастау;

31. Өзендер мен су көздерінің санитарлық зоналарында, құдықтардың маңында көлік жуу, кір жуу, жануарларды шомылдыру;

32. Жол бойында, тротуарларда су жүйесі құбырлары мен канализациялық құбырлар жүргізілген люктерді, құдықтарды қоршалмаған жағдайда ашық қалдыру;

33. Көшелерге, бақтарға, стадиондарға, мектеп алды аландарына үй құстарын немесе малдарды жаю;

34. Аудан көшелерімен шынжыр табан көліктердің жүруі;

35. Сұйық және сусымалы заттарды арнайы жабдықталмаған көліктермен тасу;

36. Іске қосылып тұрған құрылыш түрлерін (жолдардың бетін, жиектерін, люктерді, су ағатын жерлердің шарбақтарын, жол жиегіндегі оларды, құбырларды, дренаждарды, геодезиялық белгілерді, т.б.) бұзу;

37. Жылу, су жүйелерінің, канализация құбырларының ақауларын жөндеу кезеңінде тротуарларға, көгал аландарға, көшелерге су жаю;

38. Көшелерде, мекеме, кәсіпорын аумақтарында және жеке жер участкелерінде қоқыстарды жағу;

39. Жарнама, хабарландыру, құлақтандыруларды белгіленбекен жерлерге өз бетінше ілу;

40. Тиісті рұқсатсыз көшелерде, тротуарларда ұсақ сауда орындарын орнату;

41. Жылу жолдарының жылжылышты сақтау жүйесін бұзу;

42. Арық жүйелерін ластауға және бұзу.

4. Ережені бұзу үшін жауапкершілік

43. Осы Ережені бұзған үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК